

СЫН-ПІКІР

Дипломдық жұмыс  
(жұмыс түрінің атауы)

Рабышбек Еркебулан Серікұлы

(білім алушының аты-жөні)

530752 00 Ишменерлік жұмыстар және кәсіпкерлік

(мамандық атауы және шифр)

Тақырыбы: Жұмыста қолданылатын 7 қабатты тұр-

ғын үйдің ішкі сүйем жабдықтау және күзгү кеу-  
Орындалды: тиесілі жұмыс

Орындалды:

а) сызба материалдары 5 бет

б) түсініктемелік жазба 30 бет

ЖҰМЫС ҮШІН ЕСКЕРТПЕЛЕР

Дипломдық жұмыста Жұмыста қолданылатын 7 қабат-  
ты тұрғын үйдің ішкі сүйем жабдықтау және күзгү  
жұмыстарының маңызы туралы кеңінен қарастырылып келеді  
есептер орындалады: Сәуірмен сүйем, ішкі кеумен сүйем,  
күзгү жұмыстарының және айналыс күзгү жұмыстарының қысқар-  
тылатын есептері. Сонымен қатар, Экономикалық бөлімінде  
7 қабатты тұрғын үйге талап етілетін материалдар  
мен олардың орташа нарықтық бағалары есептелген  
Дипломдық жұмыста келесідей ескертпелер тағайындалады:  
- тиімділігі мен тиімділігі ұзақ уақыт бойы тиімділігі;  
- жұмыста орындалатын жұмыстар бағаланды.

Жұмысты бағалау

Студент Рабышбек Еркебулан дипломдық жұмысын  
орындау кезінде AutoCAD, Excel, Word бағдарламаларын  
қолданатынын көрсетті. Арнайы әдебиеттер анықталып және  
қолданылды. Құжаттар сауатты қолданылды. Магистрант  
бойынша техникалық және технологиялық бағалары дәре-  
жесін беруге икемді. Жұмыс бағасы: 92%.

Сын-пікір беруші

Метекші профессор Н.С. БИМЕС

Рабышев С.Е.  
(коды) (аты-жөні)  
« 12 » 05 2022 ж.  


**ҒЫЛЫМИ ЖЕТЕКШІНІҢ**

**ПІКІРІ**

Дипломдық жоба

(жұмыс түрінің атауы)

Райымбек Еркебұлан

(білім алушының аты-жөні)

5B075200-«Инженерлік жүйелер және желілер»

(мамандық атауы және шифр)

Тақырып: Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі  
сүмен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау

Тақырыбы, мазмұны және көлемі бойынша дипломдық жоба «Инженерлік жүйелер және желілер» мамандығына қойылатын талаптарға сәйкес жасалынған.

Бұл дипломдық жобаның тақырыбы бүгінгі таңда өзекті.

Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытындыдан және қосымшамалардан тұрады. Кіріспеде осы тақырыптың өзектілігін көрсетеді. Бірінші тарауда сүмен қамту және кәріз құбырларын кіргізу көрсетілген, содан кейін сүмен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалаудың аксонометриялық сұлбалары көрсетілген. Осыдан кейін сүмен жабдықтауға, кәрізге арналған гидравликалық есептеулер шығарылған.

Үшінші тарауда техникалық-экономикалық есептеулер берілген.

Жалпы жобаның мазмұны мен көлемі мамандықтың міндеті мен профиліне толық сәйкес келеді, орындаушының жеткілікті теориялық дайындығын сипаттайды, талаптарға сай келеді. Графикалық бөлім сапалы жасалған және түсіндірме жазбаның мазмұнын толық көрсетеді. Диплом 88 бағаға лайықты және дипломант 5B075200 Инженерлік жүйелер және желілер бакалавр атағын беруге лайықты.

**Ғылыми жетекші**

теңе, инженер-кадр, қауым. проф

А.Н. Хойшев

(қолы)

«11» 05 2022 ж.

## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Райымбек Е

**Соавтор (если имеется):**

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі суменжабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау.docx

**Научный руководитель:** Амирхан Хойшиев

**Коэффициент Подобия 1:** 0.7

**Коэффициент Подобия 2:** 0

**Микропробелы:** 0

**Знаки из других алфавитов:** 6

**Интервалы:** 0

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 03.05.2022

проверяющий эксперт

## Протокол

### о проверке на наличие неавторизованных заимствований (плагиата)

**Автор:** Райымбек Е

**Соавтор (если имеется):**

**Тип работы:** Дипломная работа

**Название работы:** Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі суменжабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау.docx

**Научный руководитель:** Амирхан Хойшиев

**Коэффициент Подобия 1:** 0.7

**Коэффициент Подобия 2:** 0

**Микропробелы:** 0

**Знаки из здругих алфавитов:** 6

**Интервалы:** 0

**Белые Знаки:** 0

**После проверки Отчета Подобия было сделано следующее заключение:**

- Заимствования, выявленные в работе, является законным и не является плагиатом. Уровень подобия не превышает допустимого предела. Таким образом работа независима и принимается.
- Заимствование не является плагиатом, но превышено пороговое значение уровня подобия. Таким образом работа возвращается на доработку.
- Выявлены заимствования и плагиат или преднамеренные текстовые искажения (манипуляции), как предполагаемые попытки укрытия плагиата, которые делают работу противоречащей требованиям приложения 5 приказа 595 МОН РК, закону об авторских и смежных правах РК, а также кодексу этики и процедурам. Таким образом работа не принимается.
- Обоснование:

Дата 03.05.2022

Заведующий кафедрой



**Университеттің жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаменті  
директорының ұқсастық есебіне талдау хаттамасы**

Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры көрсетілген еңбекке қатысты дайындалған Плагиаттың алдын алу және анықтау жүйесінің толық ұқсастық есебімен танысқанын мәлімдейді:

**Автор: Райымбек Е**

**Тақырыбы: Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі суменжабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау.docx**

**Жетекшісі: Амирхан Хойшиев**

**1-ұқсастық коэффициенті (30): 0.7**

**2-ұқсастық коэффициенті (5): 0**

**Дәйексөз (35): 0**

**Әріптерді ауыстыру: 6**

**Аралықтар: 0**

**Шағын кеңістіктер: 0**

**Ақ белгілер: 0**

**Ұқсастық есебін талдай отырып, Жүйе администраторы мен Академиялық мәселелер департаментінің директоры келесі шешімдерді мәлімдейді :**

Ғылыми еңбекте табылған ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді. Осыған байланысты жұмыс өз бетінше жазылған болып санала отырып, қорғауға жіберіледі.

Осы жұмыстағы ұқсастықтар плагиат болып есептелмейді, бірақ олардың шамадан тыс көптігі еңбектің құндылығына және автордың ғылыми жұмысты өзі жазғанына қатысты күмән тудырады. Осыған байланысты ұқсастықтарды шектеу мақсатында жұмыс қайта өңдеуге жіберілсін.

Еңбекте анықталған ұқсастықтар жосықсыз және плагиаттың белгілері болып саналады немесе мәтіндері қасақана бұрмаланып плагиат белгілері жасырылған. Осыған байланысты жұмыс қорғауға жіберілмейді.

**Негіздеме:**

Күні 03.05.2022

Кафедра меңгерушісі



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

Райымбек Еркебұлан Серікұлы

Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі сумен жабдықтау және  
кәріз жүйелерін жобалау

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»


Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

**ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ**  
ИЖЖЖ кафедра меңгерушісі  
техн.ғыл.канд., қауым.проф.  
 Алимова К.К.  
« 12 » 05 2022 ж.

Дипломдық жобаға  
**ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА**

Тақырыбы: “Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау”

Мамандығы 5В075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

Орындаған



Райымбек Е.С.

Пікір беруші

 Жетекші  
техн.ғыл.канд., қауым.проф.  
« 12 » 05 2022 ж.  


Жетекші

« 11 » 05 2022 ж.  
Хойшиев А. Н.

Алматы 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті

Т.Қ. Бәсенов атындағы Сәулет және құрылыс институты

Инженерлік жүйелер және желілер кафедрасы

5B075200 – «Инженерлік жүйелер және желілер»

**БЕКІТЕМІН**

Кафедра меңгерушісі

техн.ғыл.канд., қауым.проф.

К.К. Алимова

« 04 » 01 2022ж.

**Дипломдық жоба орындауға  
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Райымбек Еркебұлан Серікұлы

Тақырыбы: Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау

Университет Ректорының 2021 жылғы «24» желтоқсан №489 – П/Ө  
бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жұмысты тапсыру мерзімі 2022 жылғы «10» сәуір

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері: Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Негізгі бөлім;

б) Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы;

в) Экономика бөлімі.

Сызба материалдар тізімі (міндетті сызбалар дәл көрсетілуі тиіс)

1) Типтік қабат жоспары; 2) Салқын және ыстық су жүйесінің аксонометриялық сұлбасы; 3) Кәріз жүйесінің аксонометриялық сұлбасы;

4) Өрт құрылғысының аксонометриялық сұлбасы; 5) Технологиялық карта.

Ұсынылатын негізгі әдебиет 10 атаудан



Дипломдық жобаны дайындау  
КЕСТЕСІ

Бөлімдер атауы, қарастырылатын мәселелер тізімі	Жетекші мен кеңесшілерге көрсету мерзімдері	Ескерту
Негізгі бөлім	08.02.2022-08.03.2022	<i>Орпкдәлім</i>
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	09.03.2022-09.04.2022	<i>орпкдәлім</i>
Экономика бөлімі	10.04.2022-14.04.2022	<i>орпкдәлім</i>

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма  
бақылаушының аяқталған жобаға қойған  
қолтаңбалары

Бөлімдер атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күн	Қолы
Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы	И.З. Кашкинбаев техн. ғыл. д-ры, профессор	09.04.2022	<i>И.З. Кашкинбаев</i>
Экономика бөлімі	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	20.04.2022	<i>А.Н. Хойшиев</i>
Норма бақылау	А.Н. Хойшиев техн. ғыл. канд., қауым. проф.	11.05.2022	<i>А.Н. Хойшиев</i>

Жетекші

*А.Н. Хойшиев*

Хойшиев А.Н.

Тапсырманы орындауға алған білім алушы

*Райымбек Е.С.*

Райымбек Е.С.

Күні

«24» 01 2022 ж.

## **АНДАТПА**

Дипломдық жобаның негізгі мақсаты Қызылорда қаласындағы 7 қабатты тұрғын үйдің ішкі сумен жабдықтау және кәріз жүйелерін жобалау.

Дипломдық жобада негізгі бөлімінде тұрғын үйдің ішкі салқын, ыстық суының және ішкі, сыртқы және аулалық кәріз жүйелерінің гидравликалық есептері шығарылды. Гидравликалық есептеулер барысында құбырлардың диаметрі және құбыр бойындағы судың жылдамдықтары анықталды. Сонымен қатар, жобалық шешімдерді техникалық-экономикалық бағалау бөлімінде жиынтық дисконтталған шығындар әдісі бойынша салқын су мен ыстық су құбырларының және ішкі кәріз жүйелерінің, аулалық кәріз желісі үшін құбыр материалын таңдау жүргізіліп, техникалық-экономикалық бағалау нәтижесінде барлығы қанша ақша кеткені туралы мәселе шешілді.

## **АННОТАЦИЯ**

Основной целью дипломного проекта является проектирование внутренних систем водоснабжения и канализации 7-этажного жилого дома в г. Кызылорда.

В дипломном проекте в основной части представлены гидравлические расчеты систем внутреннего холодного, горячего водоснабжения и внутренней, наружной и дворовой канализации жилого дома. В ходе гидравлических расчетов были определены диаметр труб и скорости воды по трубопроводу. Кроме того, в разделе технико-экономическая оценка проектных решений по методу суммарных дисконтированных затрат проведен выбор трубного материала для трубопроводов холодной и горячей воды и систем внутренней канализации, дворовой канализационной сети, решен вопрос о том, сколько всего денег ушло в результате технико-экономической оценки.

## **ABSTRACT**

The main purpose of the diploma project is the design of internal water supply and sewerage systems of a 7-storey residential building in Kyzylorda.

The main part of the diploma project presents hydraulic calculations of the systems of internal cold, hot water supply and internal, external and yard sewerage of a residential building. During the hydraulic calculations, the diameter of the pipes and the water velocity through the pipeline were determined. In addition, in the section technical and economic evaluation of design solutions using the method of total discounted costs, the selection of pipe material for cold and hot water pipelines and internal sewerage systems, yard sewer network was carried out, the question of how much money was spent as a result of the technical and economic evaluation was resolved.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b>	7
<b>1 Негізгі бөлім</b>	8
1.1 Ғимараттардың санитарлық-техникалық құрылымы	8
1.2 Ішкі су құбыры желісін есептеу	8
1.3 Су есептегіш түрін анықтау	11
1.4 Салқын судың гидравликалық есебі	13
1.5 Ішкі ыстық судың гидравликалық есебі	15
1.6 Ішкі ыстық сумен қамту жүйесінің шығындары	15
1.7 Бөлінетін жылу мөлшерін анықтау	17
1.8 Ішкі кәріз жүйесі	18
1.9 Ішкі кәріз желісін төсеу ережелері	18
1.10 Ішкі кәріз желісін есептеу	19
1.11 Аулалық су бұру желісін есептеу және құрастыру	20
<b>2 Құрылыс жинақтау жұмыстарының технологиясы</b>	23
2.1 Құрылыс объектісінің сипаттамасы	23
2.2 Санитарлы – техникалық жабдықтарды орнату	23
2.3 Күнтізбелік жоспар және жұмысшылардың қозғалыс графигі	24
<b>3 Экономикалық бөлім</b>	26
3.1 Капиталды қаржыландыру есептеулері	26
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	29
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ</b>	30
<b>ҚОСЫМШАЛАР</b>	31

## КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы ғимараттардың санитарлық-техникалық құрылымы мен жабдықтары суық және ыстық сумен жабдықтау, кәріз, суағарлар, қоқыс құбыры, газбен жабдықтау инженерлік жабдықтарының кешені болып табылады. Бұл кешен ғимараттың тіршілігін қамтамасыз ету үшін қажет және абаттандыру дәрежесін анықтайды.

Ішкі су құбыры қаланың су құбыры желісінен санитариялық аспаптарға су беру үшін көзделген құбырлар мен құрылыстар жүйесін білдіреді.

Ғимараттардың ішкі су құбырлары өз мақсаты бойынша: шаруашылық-ауыз су және өртке қарсы жүйелер болуы мүмкін. Ішкі сумен жабдықтау жүйесін таңдау суды тарату арматурасына жеткізу үшін қажетті қысым мөлшерінің және қорғаныс су желісіне қосылу нүктесіндегі су қысымының сәйкестігіне байланысты.

Жұмыс принципіне сәйкес ішкі суларды жүйелерге бөлуге болады: қысымды қосалқы резервуарлары бар көтергіш құрылғыларсыз, көтергіш сорғылармен, қысымды қосалқы резервуарлар мен центрифугалық сорғылардың, Гидропневматикалық қондырғылардың көмегімен; аймақтық жүйелер.

Ішкі кәріз - тиісті елді мекеннің кәріз желісіне ғимарат немесе ғимараттар тобының ішінде және одан тыс ластанған ағындарды қабылдауды, жергілікті тазартуды және тасымалдауды қамтамасыз ететін инженерлік құрылыстар мен құрылыстар жүйесі. Ішкі кәріз жүйелері ерекшеленеді: ластануды жинау және жою әдісі, ағынды сулардың мақсаты мен сипаттамасы, қызмет көрсету саласы, Көлік әдісі, желілерді желдету құрылғысы, арнайы жабдықтың болуы. Мақсаты мен сипаттамасы бойынша жүйенің сарқынды сулары тұрмыстық, өндірістік және жаңбырлы, қызмет көрсету саласы бойынша біріктірілген және бөлек болып табылады. Ағынды суларды тасымалдау әдісі бойынша құбыр және науа жүйелері ажыратылады, желдету құрылғысы бойынша ішкі кәріз жүйелері желдетілетін, желдетілмейтін ағынды сулар болып табылады.

## 1 Негізгі бөлім

### 1.1 Ғимараттардың санитарлық-техникалық құрылымы

Су құбыры - ғимараттың суық сумен жабдықтау жүйесі ішкі су құбыры деп аталады. Ол кіріс (бір немесе бірнеше), су өлшегіш торап (бір немесе бірнеше), желіден тұрады магистральдар, су құбырының тарату желілері, су тарату құрылғыларына жеткізу және арматура. Сонымен қатар, кейбір жағдайларда оның құрамына келесі қондырғылар кіруі мүмкін реттегіш сыйымдылықтар, өрт сөндіруге арналған қондырғылар.

Су өлшегіш торап - бұл су есептегішті (су үшін шығын өлшегішті), Манометрді, сүзгіні, қосу элементтерін, тиек арматурасын және қажет болған жағдайда айналма желіні қамтитын құрылғылар кешені. Су өлшеу торабы тұтынылатын суды коммерциялық есепке алуға арналған.

Пластиналық жылу алмастырғыш - пакетке тартылған болат, мыс, графит, титан гофрленген пластиналар арқылы жылуды ыстық жылу тасымалдаушыдан суық (жылытылатын) ортаға беру жүзеге асырылатын құрылғы. Ыстық және суық қабаттар бір-бірімен қиылысады.

Санауыш — үздіксіз қосу арқылы оның кірісіне түсетін импульстар санын есептеуге арналған немесе ағымдағы өлшеу мәнін біріктіру әдісімен уақыт ішінде қандай да бір шаманың жинақталу дәрежесін айқындауға арналған электрондық құрылғы.

### 1.2 Ішкі су құбыры желісін есептеу

Шаруашылық-ауыз су мақсатындағы су құбыры мына жағдайға есептеледі максималды шаруашылық су тұтыну. Негізгі мақсаты гидравликалық су құбыры желісін есептеу ең үнемді құбыр диаметрлерін таңдау болып табылады және судың есептік шығындарын өткізу үшін қажетті қысымды анықтау. Есептеу келесі тәртіппен жүзеге асырылады. Жобаланған жүйеде судың есептелген шығындарын алдын-ала анықтаңыз сумен жабдықтау.

Судың есептік тәуліктік шығыны ( $m^3/тәул$ ) ең жоғары су тұтынуды мынадай формула бойынша анықтайды:

$$Q_{p.cym}^{tot} = \frac{q_u^{tot} \cdot U}{1000} \quad (1.1)$$

мұндағы  $q_u^{tot}$  - бір тәулікте ең көп қолданатын су шығыны, л;  
 $U$  – су қолданатын адам саны.

Орталықтандырылған ыстық кезінде пәтерлік үлгідегі тұрғын үйлер үшін ұзындығы 1500-ден 1700 мм-ге дейінгі ванналармен жабдықталған сумен

жабдықтау душтары үшін [ҚН-ның 3-ші қосымшасынан]  $q_u^{tot}=300$  л/күн деп қабылданды.

Су қолданатын адам санын келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$U = u \cdot n_{кв} \cdot n_{эт} . \quad (1.2)$$

мұндағы  $u$  – бір пәтерге орташа қоныстану адам саны, адам/пәтер;

$n_{кв}$  - қабат бойынша пәтер саны;

$n_{эт}$  - қабат саны.

Бір күнге алғандағы жалпы орташа сағаттық судың шығыны,  $q_T^{tot}$ , м<sup>3</sup>/сағ;

$$q_T^{tot} = \frac{q_u^{tot} \cdot U}{1000 \cdot T} . \quad (1.3)$$

мұндағы  $T$  - белгілі бір есептелінетін уақыт м<sup>3</sup>/сағ;

Жалпы көп тұтынатын сағаттық судың шығыны  $q_{hr}^{tot}$ , м<sup>3</sup>/сағ;

$$q_{hr}^{tot} = 0.005 \cdot q_{0.hr}^{tot} \cdot \alpha_{hr} . \quad (1.4)$$

мұндағы  $q^{tot}$  -жалпы су шығыны, л/сағ, санитарлы - техникалық құрал бойынша, ҚН-ның 3-ші қосымшасы бойынша  $q_{hr}^{tot}=300$  деп есепке алынды;

$\alpha_{hr}$  - коэффициент 1-ші қосымша бойынша  $N \cdot P_{hr}$  көбейтіндісін арқылы ( $N$ -жалпы құралдар саны, қабаттар саны бойынша алынады,  $P_{hr}$ - қолданылып жатқан құралдардың қолдану ықтималдылығы) алынатын көрсеткіш.

$$N = n_{пр} \cdot n_{кв} \cdot n_{эт} . \quad (1.5)$$

мұндағы  $n_{пр}$  - бір пәтерде орналасқан құрал саны;

$n_{кв}$  - қабат бойынша пәтер саны;

$n_{эт}$  - қабат саны.

Санитарлы-техникалық құралдардың қолдану ықтималдылығын келесі формула бойынша анықтауға болады,  $P_{hr}$ ;

$$P_{hr} = \frac{3600 \cdot P^{tot} \cdot q_o^{tot}}{q_{0.hr}^{tot}} . \quad (1.6)$$

мұндағы  $q_o^{tot}$  -бір құрал бойынша секундтық жалпы шығыны, л/с, ҚН-ның 3-ші қосымшасы бойынша есепке 0,3 деп қабылданды;

$P^{tot}$  - жалпы құралдардың қолдану ықтималдылығы.

Ғимаратта бірдей су тұтынушылардың жалпы құралдарды қолдану ықтималдылығы,  $P^{tot}$ ;

$$P^{tot} = \frac{q_{hr,u}^{tot} \cdot U}{q_0^{tot} \cdot N \cdot 3600} \quad (1.7)$$

мұндағы  $q_{hr,u}^{tot}$  - жалпы су шығынының нормасы, л, су тұтынушылардың ең көп дегендегі су тұтынуы, ҚН-ның 3-ші қосымшасы бойынша жалпы су шығынының нормасы есепке 15,6 деп қабылданды.

Қолданылып жатқан құралдардың жалпы секундтық шығыны,  $q^{tot}$ ;

$$q^{tot} = 5 \cdot q_0^{tot} \cdot \alpha ; \quad (1.8)$$

мұндағы  $\alpha$  – коэффициент, 1 - ші қосымша бойынша  $N \cdot P_{hr}$  – нің көбейтіндісінің мәні бойынша анықталады;

Ішкі су құбыры желісін есептеуге керекті негізгі мәліметтер:

Қызылорда қаласы

Қабаттар саны – 7; ( $n_{эт} = 7$ )

Пәтер саны – 6; ( $n_{кв} = 6$ )

Әр пәтерге орташа адамдар саны – 3; ( $u = 3$ )

Бір пәтерде орналасқан құрал саны – 4, ( $n_{пр} = 4$ )

Су қолданатын адам санын келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$U = u \cdot n_{эм} \cdot n_{кв} = 3 \cdot 6 \cdot 7 = 126 \text{ (адам)}$$

N-жалпы құралдар саны келесі формула бойынша анықтауға болады:

$$N = n_{пр} \cdot n_{кв} \cdot n_{эм} = 4 \cdot 6 \cdot 7 = 168 \text{ (құрал)}$$

Судың есептік тәуліктік шығыны ( $m^3/тәул$ ) ең жоғары су тұтынуды мынадай формула бойынша анықтайды:

$$Q_{p.cym}^{tot} = \frac{300 \cdot 126}{1000} = 37.8 \text{ м}^3/\text{тәул};$$

Бір күнге алғандағы жалпы орташа сағаттық судың шығыны,  $q_T^{tot}$ ,  $m^3/сағ$ ;

$$q_T^{tot} = \frac{300 \cdot 126}{1000 \cdot 24} = 1.575 \text{ м}^3/\text{сағ};$$

Ғимаратта бірдей су тұтынушылардың жалпы құралдарды қолдану ықтималдылығы,  $P^{tot}$ ;

$$P^{tot} = \frac{15.6 \cdot 126}{0.3 \cdot 168 \cdot 3600} = 0.01083.$$

Санитарлы-техникалық құралдардың қолдану ықтималдылығы,  $P_{hr}$ ;

$$P_{hr} = \frac{3600 \cdot 0.01083 \cdot 0.3}{300} = 0.038988,$$

$$N \cdot P_{hr} = 168 \cdot 0.038988 = 6.55 \rightarrow \alpha_{hr} = 3.069.$$

Енді жалпы көп тұтынатын сағаттық салқын судың шығынын анықтаймыз,  $q_{hr}^{tot}$  м<sup>3</sup>/сағ;

$$q_{hr}^{tot} = 0.005 \cdot 300 \cdot 3.069 = 4.6035 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

1-ші қосымша бойынша  $\alpha$  - нің мәні

$$N \cdot P_{hr} = 168 \cdot 0.01083 = 1.82 \rightarrow \alpha_{hr} = 1.3588,$$

$$q^{tot} = 5 \cdot 0.3 \cdot 1.3588 = 2.0382 \text{ л/с}.$$

Есептелініп алынған ағын жылдамдығынан кейін, су есептегіштің түрін таңдап аламыз. Су есептегіш қабырғаға жақын жерде орналасады және су есептегіш ыстық су мен салқын су үшін қажет.

### 1.3 Су есептегіш түрін анықтау

Су есептегішті таңдау үшін ең алдымен, бір күннің ішінде ең көп қолданылатын жаплы сағаттық су шығыны,  $q_T^{tot}$ , (м<sup>3</sup>/сағ), жаплы көп тұтынатын сағаттық су шығыны,  $q_{hr}^{tot}$  (м<sup>3</sup>/сағ) және бір күннің ішінде ең көп қолданылатын су шығыны керек  $Q_{p.cyt}^{tot}$  (м<sup>3</sup>/тәул) болады.



### 1.1 Кесте - Су есептегішке керек шамалар

Есептеуге керекті негізі параметрлер	Есептелініп алынған шамалар
Бір күннің ішінде ең көп қолданылатын жаплы сағаттық су шығыны, $q_T^{tot}$ м <sup>3</sup> /сағ	1,575
Жаплы көп тұтынатын сағаттық су шығыны, $q_{hr}^{tot}$ м <sup>3</sup> /сағ	4,6035
Бір күннің ішінде ең көп қолданылатын су шығыны керек, $Q_{p.cyr}^{tot}$ м <sup>3</sup> /тәул	37.8

Су есептегіштегі арынның жоғалуы  $h_{арын}$ , м

$$h_{арын} = S \cdot q^2, \quad (1.9)$$

мұндағы  $S$  – есептегіштің гидравликалық кедергісі, 2-ші қосымша бойынша қабылданды;

$q$  – су есептегіш арқылы ағын өтетін су шығыны, л/с, (есеп бойынша  $q = q^{tot} = 2.0382$  л/с)

Арынның жоғалуы қалақшалы су есептегіштерде суық суда 5 метрден аспауы керек. Сонымен қатар, мүмкіндігінше, арынның жоғалуы кезінде есептік су шығынды өткізерде, кемінде 0,3 метрден жоғары болғаны дұрыс.

### 1.2 Кесте - Есептегіштің номиналды диаметрлері

Есептегіштің шартты диаметрі, мм	32	40
Ең көп дегендегі су шығыны, м <sup>3</sup> /сағ	10	6
Ең көп дегендегі судың жалпы көлем шығыны, м <sup>3</sup>	140	230
Гидравликалық кедергісі, м/(м <sup>6</sup> /сағ <sup>2</sup> )	1,3	0,5

Есептегіштің номиналды диаметрі 32 болғанда, гидравликалық кедергісі  $S = 1.3$  м/(м<sup>6</sup>/сағ<sup>2</sup>), су есептегіштегі арынның жоғалуы:

$$h_{арын} = 1.3 \cdot 2.0283^2 = 5.345 \text{ м.}$$

Таңдап алынған су есептегіш орнатуға жарамсыз. Себебі  $h_{арын}$  кіші 5 м болғандықтан басқа су есептегішті таңдаған дұрыс.

Есептегіштің номиналды диаметрі 40 болғанда, гидравликалық кедергісі  $S=0.5 \text{ м}/(\text{м}^6/\text{сағ}^2)$ , су есептегіштегі арынның жоғалуы:

$$h_{арын} = 0.5 \cdot 2.0283^2 = 2.077 \text{ м.}$$

Таңдап алынған су есептегіштің атауы ВК-40. ВК-40 су есептегіші  $h_{арын}$  кіші 5м шарты орындалып отыр және осы су есептегіш жарамды.

#### 1.4 Салқын судың гидравликалық есебі

Салқын судың гидравликалық есебінің негізгі шарты, ол қолданылатын құбырдың диаметрі мен оның жылдамдығын анықтау болып табылады.

Ғимаратта бірдей су тұтынушылардың салқын су құралдарын қолдану ықтималдылығы:

$$P^c = \frac{q_{hr,u}^c \cdot U}{q_o^c \cdot N \cdot 3600}, \quad (1.10)$$

мұндағы  $q_{hr,u}^c$  – салқын су шығынының нормасы, л, су тұтынушылардың ең көп дегендегі су тұтынуы, ҚН-нің 3-ші қосымшасы бойынша салқын су шығынының нормасы есепке 5,6 деп қабылданды;

$q_o^c$  – салқын су шығыны, л/с, бір санитарлы-техникалық құрал үшін ( $q_o^c=0,2$ ) деп қабылданды.

$$P^c = \frac{5.6 \cdot 126}{0.2 \cdot 168 \cdot 3600} = 0.00583.$$

Су тұтынушалардың салқын су құралдарын қолдану ықтималдылығын анықтағаннан кейін, жалпы салқын су шығынын анықтаймыз:

$$q^c = 5 \cdot q_o^c \cdot \alpha, \quad (1.11)$$

мұндағы:  $q^c$  - бір құрал үшін секундтық жалпы шығыны, л/с, ҚН-нің 3-ші қосымшасы бойынша есепке 0,2 деп қабылданды;

1-ші қосымша бойынша  $\alpha$  -нің мәні  $N \cdot P^c$  – нің көбейтіндісінің мәні бойынша анықталады:

$$N \cdot P^c = 0.00583 \cdot 168 = 0.98 \rightarrow \alpha = 0.959 ,$$

$$q^c = 5 \cdot 0.2 \cdot 0.959 = 0.959 .$$

Салқын судың гидравликалық есебін шығару барысында судың жылдамдығы 1,6 м/с-тан аспауы керек. Бұндай жылдамдықтан аспау себебі, олар үнемді болып келеді. Ал өте үнемді болуы үшін жылдамдығы 0,9-1,2 м/с болғаны дұрыс. Салқын судың гидравликалық есебінде әрбір учаскеге құбыр диаметрі мен жылдамдығы Шевелеев кестесі (бағдарламасы) бойынша анықталды.

Әрбір учаскенің арын жоғалтуы мынадай формуламен анықталады:

$$h_l = i \cdot l , \quad (1.12)$$

мұндағы  $l$  – есептелініп жатқан учаскенің ұзындығы.

Салқын судың гидравликалық есебі А.1 Кестесінде көрсетілген.

Гидравликалық есепті шығарып болғаннан кейін, арынның бойында жоғалатын қарсылықты анықтау қажет.

$$H_{тр} = H_{г} + h_{вв} + h_{вод} + 1,3 \sum h_l + H_p , \quad (1.13)$$

мұндағы  $H_{тр}$  – арын биіктігі, керекті арынның нормативті шығыны;

$h_{вв}$  – енгізу аймағындағы арынның оғалуы;

$h_{вод}$  – есептегіште арынның жоғалуы;

1,3 – коэффициент, жергілікті арын жоғалуын ескере отырып санитарлы-техникалық құралдарға арналған кедергі жоғалуының 30 пайыз мөлшерінде қабылданады;

$\sum h_l$  – барлық анықталған учаскенің аймақтың арынының жоғалуы;

$H_z$  – салқын суды беретін арынның геометриялық биіктігі;

$$H_z = H_{эм} \cdot (n_{эм} - 1) + (V_1 - V_0) + l_{B-1} , \quad (1.14)$$

мұндағы  $H_{эм}$  – әр қабаттың биіктігі;

$n_{эм}$  – бір қабаттағы пәтерлер саны;

$V_1 - V_0$  – бір қабатының еден деңгейінен жер бетінің деңгейінің айырмашылығы;

$l_{B-1}$  – ең алыс жатқан бірінші құрал мен екінші жатқан құралдың арақашықтығы;

$$H_2 = 2.9 \cdot (7 - 1) + (127 - 127) + 0.66 = 18.06 \text{ м.}$$

$$H_{mp} = 18.06 + 0.62 + 2.077 + 1,3 \cdot 7.86 + 3 = 33.975 \text{ м.}$$

$$H_{gap} = 34 \text{ м.}$$

Егер кепіл талап етілген қысымнан аз болса, онда бізге ішкі су құбырының жүйесіне арынды арттыру мақсатында қондырғы қарастыру қажет. Қондырғы ретінде сорапты алсақ болады. Маған берілген кепіл арыны  $H_{gap} = 34$  м құрайды, жоғарылататын сорапты орнату міндеттелмейді. Бұл дипломдық жобада жоғарылатқыш қондырғысыз ішкі су құбырларының жүйесі қабылданды, себебі қалалық су тарату желісіндегі құбырдағы су қысымы ішкі су құбырының жақсы жұмыс істеуіне жетеді.

### 1.5 Ішкі ыстық судың гидравликалық есебі

Ішкі ыстық сумен қамту жүйесі бұл – қолданатын тұтынушыларға қолайлы градууста жеткізу.

Ыстық су тек ас бөлме құрылғыларына және жуынатын бөлмедегі (яғни ванна) қол жуатын құралға, душ құрылғысына  $50^{\circ}\text{C}$ -тан жоғары  $75^{\circ}\text{C}$ -тан төмен болып жеткізілуі керек. Себебі, адам қолайлылығына қарай адамның қолы күймес үшін осындай градустар аралығында жеткізген дұрыс. Дәретханаға тек салқын су келетіндіктен, оған ыстық суды қолданбаймыз.

Ішкі ыстық сумен қамту жүйесінің гидравликалық есебінің негізгі мақсаты – бұл ең алыс жатқан құралдың бойына қажетті мөлшерде (градууста) ыстық суды жеткізу болып табылады. Сонымен қатар, ішкі ыстық судың гидравликалық есебінде, дипломдық жобада сүлгі кептіргішті пайдаландым. Ғимаратты ыстық сумен қамтығанда темір құбырлар қолдандым.

### 1.6 Ішкі ыстық сумен қамту жүйесінің шығындары

Құрылғылардың сағатына ең көп дегенде көп ыстық суды тұтыну ықтималдылығын келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$P^h = \frac{q_{hr.u}^h \cdot U}{q_o^h \cdot N \cdot 3600}, \quad (1.15)$$

мұндағы  $q_{hr.u}^h$  - ҚН-нің 3-ші қосымшасынан жалпы ыстық судың шығыны 10 л деп алынды;

$q_0^h$  - ҚН-нің 3 қосымшасынан ыстық судың бір құралға арналған шығыны 0,2 деп қабылданды.

Ыстық сумен қамту жүйесінде құралдар саны салқын суға қарағанда аз болады.

$$N = (n_{np} - 1) \cdot n_{кв} \cdot n_{эм}, \quad (1.16)$$

сонда құралдар саны

$$N = (4 - 1) \cdot 6 \cdot 7 = 126,$$

$$P^h = \frac{10 \cdot 126}{0,2 \cdot 126 \cdot 3600} = 0,013889.$$

1-ші қосымша бойынша  $\alpha$ -нің мәні

$$N \cdot P^h = 126 \cdot 0,013889 = 1,75 \rightarrow \alpha = 1.328.$$

Келесіде ыстық судың секундтық шығынды анықтаймыз;

$$q^c = 5 \cdot q_0^h \cdot \alpha \text{ л/с}, \quad (1.17)$$

$$q^c = 5 \cdot 0.2 \cdot 1.328 = 1.328 \text{ л/с}.$$

Ыстық судың сағаттық шығынын жоғарыда шығарған салқын судың жалпы шығынының мәндерінен аламыз.

Санитарлы-техникалық құралдардың қолдану ықтималдылығы,  $P_{hr}$ ;

$$P_{hr} = \frac{3600 \cdot 0.01083 \cdot 0.3}{300} = 0.038988,$$

$$N \cdot P_{hr} = 126 \cdot 0,038988 = 4.91 \rightarrow \alpha = 2.524.$$

Осы мәнге байланысты енді жалпы ыстық судың көп тұтынатын сағаттық шығынын анықтаймыз,  $q_{hr}^h$ , м<sup>3</sup>/сағ;

$$q_{hr}^h = 0.005 \cdot 200 \cdot 2.524 = 2.524 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

Ішкі ыстық судың гидравликалық есебі А.2 Кестесінде көрсетілген.  
Гидравликалық есепті шығарып болғаннан кейін, арынның бойында жоғалатын қарсылықты анықтау қажет:

$$H_z = 2.9 \cdot (7 - 1) + (127 - 127) + 0.66 = 18.06 \text{ м,}$$

$$H_{mp} = 18.06 + 0.62 + 2.077 + 13.8 = 33.557 \text{ м.}$$

### 1.7 Бөлінетін жылу мөлшерін анықтау

Ыстық судан бөлінетін жылу бөлшері келесідей болады:

$$Q_{hr}^h = 1.16 \cdot q_{hr}^h (60 - t^c) + Q^{hr}, \text{ (кВт немесе ккал/сағ)}, \quad (1.18)$$

мұндағы  $Q_{hr}^h$  - жалпы сағаттық ыстық судың шығыны, кВт;  
 $q_{hr}^h$  жалпы ең көп тұтынатын сағаттық ыстық судың шығыны, м<sup>3</sup>/сағ;  
 $t^c$  - салқын судың температурасы, қарастырылып жатқан жоба бойынша 5°C деп қабылданады;  
 $Q^{hr}$  - қарастырылып жатқан аймақтың арын жоғалуы.

$$Q_{hr}^h = 1.16 \cdot 2.524 \cdot (60 - 5) \cdot 1.2 = 193.24 \text{ кВт,}$$

$$Q_{hr}^h = 193.24 \cdot 1160 = 224155.5 \text{ ккал/сағ.}$$

Ыстық судың шығыны:

$$G_M = \frac{Q_{hr}^h}{(T_1 - T_2)}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.19)$$

мұндағы  $T_1$  - су жылытқашқа кірердегі судың температурасы, 150°C  
 $T_2$  - су жылытқыштан шығардағы судың температурасы, 70°C

$$G_M = \frac{193.24}{(150 - 70)} = 2.4155 \text{ м}^3/\text{сағ.}$$

Жылытылатын судың шығыны

$$G_T = \frac{Q_{hr}^h}{(t_r - t_x)}, \text{ м}^3/\text{сағ}, \quad (1.20)$$

мұндағы  $t_r$  – жылытылатын судың су жылытқаштан шығардағы температурасы,  $60^\circ\text{C}$ ;

$t_x$  – жылытылатын судың су жылытқашқа кірердегі судың температурасы,  $5^\circ\text{C}$ .

$$G_T = \frac{193.24}{(60 - 5)} = 3.51 \text{ м}^3/\text{сағ}.$$

#### *Су жылытқыш түрін таңдау*

Су жылытқыш, электрі тұрмыстық су жылытқыш орталықтандырылған ыстық суы жоқ, сондай-ақ газды және соған ұқсас аппараттарды қолдануы мүмкін болмаған үйлердің тұрғындарын ыстық сумен қамтамасыз етуге арналады. Тұрмыс жағдайында суды жылытуға және ыстық қалпында ұзақ уақыт сақтауға арналған сыйымдылықты жылу аккумуляциялаушы су жылытқыштарды пайдалану тиімді, Олар электр қыздыру элементі мен су температурасын реттеп және шектеп отыратын құрылғысы бар жылу изоляциялық металл бак түрінде болады. Ыстық суды күндіз тұтыну мөлшеріне орай бактың сыйымдылығыда өзгертіледі.

Мен дипломдық жобамда таңдап алынған су жылытқыш (маркасы S21A-125). Бұл су жылытқыштың максималды қысымы 16МПа. Минималды жұмыс істеу температурасы  $5^\circ\text{C}$ , максималды жұмыс істеу температурасы  $150^\circ\text{C}$ . Су жылытқыш тот баспайтын болат темірден жасалған. Су өткізу қабілеті  $500 \text{ м}^3/\text{сағ}$ .

### **1.8 Ішкі кәріз жүйесі**

